ӘОЖ 947:930. (574.2)
ҒТАХР 03.20
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.103(3).13

[1]Е.А. Әбіл, [2]Ғ.М. Төлепбергенов, [3]Қ.С. Өскембаев

[1]ҚР Параламенті Мәжілісі, Астана, Қазақстан
[2]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
[3]Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: yerkinabil@gmail.com; Galumtai_62@mail.ru; k.uskembayev@gmail.com

XX Ғ 20-80 ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ИСЛАМ ДІНІ

Аңдатпа. Мақалада өткен ғасырдың 20-80-ші жж. Солтүстік Қазақстан өңірі қазақтарының өңірі қазақтарының күнделікті өміріндегі ислам дінінің рөлі шетелдік (ресейлік) және қазақстандық орталық және жергілікті архив қорлары материалдарынан алынған тарихи дәйектерді негізге ала отырып, тарихи ретроспективалық тұрғыдан талдау жасау арқылы солтүстік өңірдегі ауыл халқының күнделікті өміріндегі ислам дінінің атқарған рөлі зерделеніп, қарастырылады. Қарапайым халықтың өміріндегі дін феномені рөлін қарастыруда тарихи оқиғалардың себеп-салдарын түсінуде, өткен заман фактілерін ретроспективада қарастыру арқасында XX ғ. 20-80 жж ауыл адамдарының күнделікті өмірінде орын алған өзгерістердің алғышарттарын бағамдай алдық. Сондай-ақ, зерттелетін тақырып аясында белгілі бір тарихи дәуірді сипаттау арқылы оның ішкі мәндерін ашуда нарративті зерттеу әдісін қолдандық. Тарихи-генетикалық әдісті қолдану барысында тарихи дәуір кезеңдегі қарапайым адамның күнделікті өміріндегі діни әдет-ғұрыптарды қолданудағы ерекшеліктерін айқындап көрсетуге мүмкіндік жасайды.

Мақаланың мақсаты: Кеңес өкіметінің діни руханият саласында жүргізген саясаты әуелден «жаугершіл атеизмге» негізделіп, діни сенім мен дінмен байланысты әдет-ғұрыптарды түп-тамырымен жоюға бағытталса, қарапайым ауыл халқының өкілдері жоғарыдан түсірілген түрлі нұқсқаулар мен идеологиялық шектеулерге қарамастан, діни сенімді өзінің ұлттық әдет-ғұрпы мен ұлттық бірегейлігінің бір маңызды сипаты ретінде түсініп, күнделікті өмірінде тұтына берді. Біздің мақсатымыз XX ғ. 20-80 жж. солтүстік өңір қазақтарының күнделікті өміріне ислам дінінің қаншалықты ықпал-әсерінің болғандығын, діни-рухани ахуалдың жағдайын анықтап көрсету.

Кілт сөздер: күнделікті өмір, қуғын-сүргін, имам, медресе, «кезбе молла», КСРО-ғы дін саясаты, діни ғұрып, «жаугершіл атеизм», діни сеніммен күрес, қаулы.

Кіріспе

Қазіргі тәуелсіздікке ие Қазақстанда дінге қатысты саясат түбегейлі өзгеріп, қазақ қоғамы діни-рухани қайта өрлеуді басынан кешіруде. Кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Президент Қ-Ж.К. Тоқаевтың 2020 жылғы Жарлығынан кейін дін өкілдерін ақтауға байланысты мәселелерде бұрын құпия болып келген архив қорларының ашылуына байланысты діни руханиятқа қатысты

мәселелерді зерттеуде жаңа мүмкіндіктер пайда болды. КСРО-да дінге қатысты саясат батапқыда «жаугершіл атеизм» формасында жүргізіліп, діни наным-сенімі бойынша қуғындалған болса, XX ғ.50-80 жж. ол саясат қатаң шектеу мен идеологиялық қысым жасау саясатына ауысқаны белгілі. КСРО-ның бір субъектісі болып келген Қазақстандағы дін ислам өкілдері азшылық болып қалғанына қарамастан қазақ халқының күнделікті өміріне әсер-ықпалы қатты әлсірегенімен, мүлдем жойылған жоқ еді. XX ғ. 40-шы жж. Қызылжар мен Ақмола, 60-шы жж. Көкшетауда қалпына келтірілгенімен, Атбасар сияқты аудан орталықтарының өзінде бұрынғы мешіттерді қайтару, қалпына келтіру түрлі кедергілерге ұшырап, қайта ашу мүмкін болмады. Солай бұла тұрса да қазақ ауылдарында тіркелмеген мешіттердің пайда болуы, кезбе молдалардың (бродящие муллы) халық арасындағы қызметі, діни ғұрып, рәсімдердің атқарылуы ұлттық бірегейлігіміздің сақталып қалуындағы маңызды факторға айналды. Бүгінгі ислам дінінің қазақ халқының өзіндік руханияты мен мәдениетінің дамуындағы елеулі қайнар көзінің бірі болғандығының,бүкіл Қазақстан территориясында таралуының, (соның ішінде Батыс Сібір өлкесімен тығыз байланысты солтүстік Қазақстан аумағында) және жергіліктенуінің өзіндік сипаты болғандығы белгілі. Бұл жағдайлар өз кезегінде ислам дінінің Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы таралу мерзімдері туралы қазіргі тарихнамада түрлі пікірлердің қалыптасуына негіз болып отырғандығын көрсетеді.

Мақаланы жазу барысында Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінің (мұнан әрі – РФМА), Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (мұнан әрі – ҚР ОМА). Ақмола облыстық мемлекетік архивінің (мұнан әрі – АОМА), Солтүстік Қазақстан облыстық архиві (мұнан әрі – СҚ ОМА) мен аудандық архив қорларында жинақталған материалдар пайдаланылды.

Қазіргі таңда Қазақстан халқының негізгі басым бөлігі ислам дінін тұтынатын ең ірі ел болып табылады. Ислам діні қазіргі қазақстандықтардың, соның ішінде солтүстік өлкенің автахтон халқының күнделікті өмірінде елеулі рөль атқарады. Әрине, әр заманда ислам дінінің дәстүрлі қазақ қоғамында, оның күнделікті тіршілігінде алған орны мен рөлі әрқилы болғандығы дау тудырмаса керек. Батыс тарихнамасында ел мен халық тарихын қарапайым яғни, «қара халықтың» күнделікті тіршілігі (нем. Alltagsgeschichte, ағыл. Everydayness common sense, орыс. повседневность) арқылы зерттеу өткен ғасырдың 60-70 жж.тарихи зерттеулердің жаңа бағыты ретінде пайда болды [1;63-67]. Отандық тарихнамада бұл бағыт бізде негізінен 2000-шы жж. бастап қолға алына бастады. Ал қазіргі қазақстандық тарихнамада әсіресе, рухани мәдениеті кеңестік модернизацияға көбірек ұшыраған солтүстік өлкедегі ислам дінінің қарапайым ауыл тұрғындарының күнделікті өмірінде атқарған рөлі туралы мәселе тың тақырып болып табылады. Сондай-ақ, қарпайым халық өміріндегі діннің атқарған қызметін зерттеген уақытта ислам дінінің белгілі бір территория мен этномәдени қауымдастықтың ортасында пайда болуының, оның жергілікті халықтың күнделікті өмір тіршілігіне етене сіңісіп, оның әдет-ғұрпымен синкреттелуінің ұзақ тарихы болғандығын да ескергеніміз жөн. Сондықтан, ислам дін феномені солтүстік өлке халқының күнделікті өмірінде пайда болуының тарихы жоғарыда көрсеткеніміздей ортағасырлық кезең тарихына кететіндігін көреміз.

Қазіргі заманда солтүстік өлкедегі қазақ ұлтының өмірінде елеулі рөльге ие болған ислам дінінің солтүстік өлкедегі тарихнамасына қысқаша тоқталатын болсақ, солтүстік өңірде XIX ғ соңғы ширегі мен XX ғ. дін ислам дінінің халық арасында онан әрі дамып, өркендеуіне, кейініректе кеңестік атеизм саясаты үстемдік етіп тұрғанда

шақта діни әдет-ғұрыптарының сақталып қалуына зор еңбек сіңірген солтүстік өңірдің діни-рухани тұлғалары: Науан Хазірет, МәшһүрЖүсіп Көпейұлы, Момақан Әлиев, Сәдуақас Ғылманиға байланысты санаулы еңбектер ғана жарық көрген [2;16-27]. Олардың қатарында Ақмолалық діни-рухани қайраткерлердің өмір мен қызметі жайлы «Науан Хазірет» атты монография мен бірнеше зерттеу мақалаларының авторы Қадіржан Қабиден-ұлы Абуевті [3], С. Ғылманидің өмірі мен шығармашылығын зерттеп мақалалар жазған Дихан Қамзабекұлын атауға болады. Сонымен қатар, солтүстік өңірдегі ислам діні тарихына қатысты К. Батырхановтың «Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты (XIX ғ. екінші жартысы – XX-ғ.басы)» [4], З.Т. Сәдуақасованың «Религиозная экспансия царизма в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков)» [5], М.Ш. Эгамбердиевтің «Ресей империясының Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» [6]. С.М. Мәшімбаев пен Г.С. Мәшімбаеваның «Патшалық Ресей және Кеңес империяларының Қазақстанды рухани отарлау саясатының зардаптары (XIX ғасырдың 70-80 жылдары – XX ғасырдың басы)» [7]. Солтүстік Қазақстандағы діни мәселеге байланысты ресейлік тарихшы Ю.А.Лысенконың «Миссионерская деятельность Русской православной церкви в Казахстане» атты еңбегі жарық көрген [8]. Бұдан өзге М. Мырзахметұлы, Ж. Шалғынбаева, Г.А. Адамбаева, Ж. Нұрбаев және Р.Р. Исхакова тәрізді зерттеуші ғалымдар да шоқындыру саясаты жөнінде маңызды ғылыми тұжырымдар жасаған. Шаповал Ю.В. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Солтүстік Қазақстандағы кеңестік өкіметтің мұсылман дін басыларымен күресі» туралы архив деректері негізінде жазылған мақалада көптеген «жаугершіл атеизм» тұсында қуғын-сүргінге ұшыратылған дін иелері туралы құнды мәліметтер келтіріп, тиісті тұжырмдар жасаған [9]. Сондықтан, XX ғ. 50-60-шы жж. солтүстік өңірдегі қазақтардың күнделікті өмір-тіршілігіндегі ислам дінінің орны мен рөлі туралы мәселе әлі де болса, арнайы зерттеу нысаны бола қоймаған өзекті тақырып болып табылады.

Зерттеу әдістері: Зерттелініп отырған мәселеге ретроспективада және нарративті әдістермен қатар тарихи-генетикалық, тарихи хронологиялық статистикалық сызбалы кестелер арқылы талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Ислам дінінің солтүстік Қазақстан өңірінде таралуының, орныгуының сан ғасырлық тарихы бар десек, қателеспейміз. Бұл өңірдің Ұлық Ұлыс кезеңінде ислам дінінің ықпалында болғанындығын дәлелдейтін археологиялық ескерткіш кешендері соңғы уақытта көптеп ашылуда. Соның бір мысалы ретінде Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданындағы Береке мен Қаратал ауылдары түбіндегі Қызыл-Оба мазары сияқты ислам діні канондарына сәйкес тұрғызылған монументальды ескерткіш кешенімен бірге XIV ғасырға жататын 7 кесененің үйіндісін тапқанын айтсақ та жеткілікті[10]. Бұл өлкеге алғаш ислам дінін таратып, миссионерлік қызмет атқарған Нақшбандия тарихатының өкілдерінің қызметі де XIV ғ. осы кезеңмен сәйкес келеді. Түркі халықтарының тарихын терең зерттеген Зәки Уәлиди Тоғанның нұсқасын қайта жаңғыртып отырған қазіргі башқұрт зерттеушілері Еділ мен Оңтүстік Орал аралығындағы түркі халықтарының исламизациялануы екі орталықтан, Еділ бойынан және Бұқара мен Хорезм тарапынан жүргенін жоққа шығармайды [11]. Бұл үдерістің бастауы Батыс Сібірді, Солтүстік-Шығыс Қазақстанды билеген Тайбұғалар әулиеті тұсында басталып, Шымға – Тұрада 1429 жылы қазақ-өзбек ханы болып сайланған ислам дініне ерекше көзқарасымен танылған Әбілқайыр хан тұсында өз жалғасын тапты деген пікірді ресейлік зерттеушілер жоққа шығармайды. Осы хан сайлауына

сұлтан, оғландармен қатар Құл-Мұқаммед, Қара-сейід сияқты мұсылман дін иелері қатынасқан. Сібір мен Солтүстік – Шығыс Қазақстанның исламизациялануының келесі дәуірі Көшім ханның 1572 жылы Бұқара мен Самарқаннан арнайы дін иелері шейх Шербети мен Ярым сейід сияқты ұстаздарды алдырып, діни реформаны іске асырған кезеңі болатын деген тұжырымды өз еңбегінде ресейлік тарихшы Д.М. Искаков келтірген [12]. Осы пікірді қуаттай келе қазақ тарихшысы М. Әбдіров Қазақстанның солтүстік өңірінде ислам дінінің біржола орныгуы Сібір ханы Көшімнің тұсында біржола жүзеге асқан деген тұжырым жасайды [13;51]. Дегенмен, ислам дінінің орнығу тарихы солтүстік өңірде XVI аяғы мен XVII ғ. 20-30 шы жылдары орын алған геосаяси жағдайдың күрт өзгеруіне байланысты белгілі бір дәрежедегі сындарлы кезеңге тап болды. Солтүстік-батыстан Мәскеу патшалығының экспансиясы, оңтүстік-шығыстан пұтқа табынушы ойрат-қалмақтардың жылжуы ислам дінінің ықпалының біршама әлсіреуіне алып келгені белгілі. Сібір хандығын зерттеуші Қ.К. Абуев соборлық мешіт салынған Искер қаласының – Кашылық атауын – Қажылық деп интепритациялап, бұл қалаға келіп, бас мешітте болудың өзі сібірліктер үшін қажылыққа теңестірілді деген пікірді келтіреді [14]. Искер маңында онан басқа да сібірлік қалашықтар болғаны белгілі. Міне, осы қалалардың барлығы дерлік Мәскеу жорықшылары мен ойрат-қалмақ шапқыншылықтары кезінде қиратылды. Осының салдарынан негізгі халқы абсалютті көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтарда бірқатар объективті себептерге байланысты ислам дініне тән институттар толықтай қалыптасып үлгермеген болатын. Ал, ислам дінінің солтүстік өңірде қайта өрлеу кезеңі бір қызығы Мәскеу патшалығы Ресей империясына айналып, Қазақстанды интенсивті отарлауға кіріскен XVIII-XIX ғғ. орын алды. Ресей патша өкіметі жауынгер қазақтарды жуасытып – момындарға айналдырып, ислам дінін тереңдетіп тарату арқылы оларды Ресей империясына лоялды жұрт қылуға әрекеттенді. Қазақ жеріне салынған Тройцк, Қызылжар, Көкшетау, Атбасар, Ақмола секілді сауда-саттық орталықтарына айналған бекініс – қалашықтардың барлығында дерлік бірінші кезекте мешіттер бой көтерді. Қазан мен Уфадан келген татар-башқұрт, ноғай молдалары патша өкіметінің қолдауымен 30-40 жылдың ішінде Солтүстік өңірдегі тұрақты діни инситуттар: мешіт, медресе, мұсылманша бастауыш білім беретін мектептер негізін салып үлгерді. Патша өкіметі қазақтардың ислам дініне қатысты саясатын күрт өзергерткен 1868 жылғы заң бойынша ел арасында тереңдеп таралуын Шоқан Уәлиханов былай деп сипаттаған еді: «Татар молдаларының, Орта Азиялық ишандар мен өздерінің жаңа діни ілімін уағыздаушылары ықпалымен біздің халық барған сайын мұсылмандық кейпіне түсіп келеді» [15; 197]. Бір ғана Ақмола дуанында мешіт-медреселер саны тоғызға жетіп, қазақтар арасынан Науан Хазірет, Шәймерден Қосшығұлов, Мәшхүр – Жүсіп Көпеев, Сәдуақас Ғылмани, Сейтқазы Нұртаев сияқты қазақтың өз ішінен дін ғұламаларының шығуы қазақ халқының сан ғасырларға созылған исламдану үдерісінің негізінен аяқталғанын көрсетеді. Солтүстік қазақтарының өздерін ислам жұртының бір ажырамас бөлігі ретінде сезінетіндігі 1902 жылы патша өкіметінің қазақтарды зорлап шоқындыруға байланысты әрекеттері кезінде айқын көрініп, дін бостандығы мәселесінде Науан Хазірет сияқты дін қайраткерлерінің миссионерлік саясатқа наразы-қарсылық акцияларынан айқын көреміз. Бұдан шығатын қорытынды патша өкіметінің қазақтарды православиеге кіргізіп, аккультуризация (мәдениеттендіру) жасау әрекеті сәтсіздікке ұшырағанын, патша өкіметі ол саясаттан біржола бас тартуға мәжбүр болғандығынан байқаймыз. Сондай-ақ, ислам әлемінің ең қиыр солтүстік шекарасындағы дін исламның жергілікті халықтың мәдениеті мен руханиятына сіңісуі,

белгілі бір дәрежеде исламға дейінгі наным-сенім, әдет-ғұрыптармен үйлесім тауып – синкреттелуі 600 жылдай уақыт алғандығын, бұл үдеріс бір сәттік әрекет-шешім нәтижесі болмағандығын көрсетеді. Ислам дінінің өзіне дейінгі көптеген сенім жүйелерінен ерекшелігі оның тұтынатын халықтың күнделікті өмір-тіршілілігін, тіпті уақыт өлшеміне дейін реттейтін, күнделікті өмір-тіршілік салтын анықтайтын діни сенім түрінің болуында еді. Ақпан және қазан төңкерістері алдында солтүстік қазақтарының атап айтқанда Ақмола облысы қазақтарының күнделікті өмірінде ислами діни салт-жоралар жүйелі түрде атқарылып отырғанын патша өкіметінің ресми құжаттары, Г. Потанин сияқты этнограф зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен көрініс тапқаны белгілі.

Кеңес өкіметінің дінге қатысты 1918 жылғы қабылданған №18 заң-декретінің 263 бабына сәйкес шіркеу мемлекеттен, мектеп шіркеуден ажыратылды. Декрет барлық түрлі дінге сенушілерді дінбасылардың үстемдігі мен алдауларынан еңбекшілерді азат етуге тиісті болды. Декрет бойынша дін иелері қарамағындағы діни ғимараттар, басқадай мүлік заттарды иеленудің заңды тұлғалар ретіндегі хақысынан айырып, барлық мешіт, шіркеулерге тиісті меншік нысандары мемлекет меншігіне өтеді деп жарияланды. Дін иелерін мүлік-меншік нысандарынан айырудың үлкен экономикалық, саяси мәні бар делінді. Мешіттерді тексеру, мүлкін тәркілеуді жүргізіп, кеңес өкіметінің декреттін жүзеге асыру қазақ қызметкерлеріне жүктелінді [16; 4-6]. Алайда, азамат соғысы жағдайында бұл іс-шараларды бірден жүзеге асыру мүмкін болмады. Қазақстанда діни мәселеге кеңес өкіметі 1924 жылдың аяғында ғана жүйелі түрде орала алды. Мешіттер мен шіркеулерді жаппай жабу науқаны басталған 1924 жылдың соңында Ақмола губерниясы бойынша Ақмола қаласында 5 ірі ғибадат орны оның ішінде православиялық – 2, мұсылмандық – 2, еврей қауымының – 1 ғибадат орны болған. Жалпы Ақмола уезі территориясында әртүрлі діни конфессияларға тиесілі 68 ғибадат ету ғимараттары болған деген дерек келтіріледі [17; 48-49]. Ал Атбасар уезінде 1924 жылдың аяғында 52 әртүрлі дін конфессияларының ғибадат орындары қызмет жасап тұрған [18;50-52]. Осылайша, қазан төңкерісінен кейін діни сенім бостандығына біршама ерік беріліп, Ресейдің өзінде 1700 жылы жойылған патриархат қалпына келтіріліп, мұсылман қауымдары өздерінің тәуелсіз мүфтияттарын құруға талаптанып жатты. Қазақстанда шариғаттық соттар өз қызметін жалғастыра берді. Ораза айт, Құрбан айт секілді діни мерекелер, діни рәсімдер халықтың күнделікті өмірінде кеңінен орын алып келді. Қазақстандағы мұсылман жамағаты өз мұхтасибтерін құрып, өз алдына жеке мүфтият құру қарсаңында тұрды. Бухонова И.Н және басқалары 1989 жылы құрастырып жарияланған құжаттар жинағында келесі деректер жарияланған: Ақмола облысында осы жылдары 153 имам, 78 азаншы, 121 шәкірті бар 3 – мұсылман мектебі, 547 шәкірт дәріс алып жатқан 14 медресе ресми жұмыс жасап тұрған болса, 7 медресені ашуға дін иелерінің қолдарында рұқсаты да бар еді. Осы деректердің өзі ислам дінінінің солтүстік өңір қазақтарының күнделікті өмір-тіршілігінде қаншалықты ықпалы мен беделінің болғандығын айғақтайды. Партия – кеңес орындары бұл жайға бей-жай қарай алмады 1927 жылдың 4 желтоқсанында Орталық Комитетке «Ақмола губерниясындағы ислам ісі туралы» «құпия» белгісі бар құжат ұсынылды. Онда ислам діні қызметінің жандануы, Ақмола губерниясында бір жылда 6 мешіттің салынуы (1926 ж.), 2 мешіт құрылысының барысы, ауылдардағы тіркелген және тіркелмеген 80 молданың жұмысы баяндалып, партиялық басқару орындары өздерінің қатты алаңдаушылығын білдіреді. Діни «соқыр сенімнен» азат атеистік қоғам құруды мақсат

еткен кеңес билігі дінге қарсы саясатты қатаңдатқан шешім 1927 жылдың 8-ші маусымында қабылдап, діншілдермен күрестің басым бағыттарын белгіледі:

1. Егер де, бұрындары мұсылман мектептеріне 14 жастан қабылдау рұқсат етілсе, енді жас мөлшері 18 жастан деп көрсетілді;

2. Қазақстан мұсылмандарын Уфа діни басқармасынан бөлектеп, түрлі діни қауымдар арасына жік түсіру керек деп шешілді;

3. ОГПУ мен НКВД органдарына мешіттерді қаржыландыруға салынған тиымды қадағалау тапсырылды;

4. ОГПУ мен НКВД органдарына түрлі діни жиындар мен съездер өткізуіне тиымды қадағалау жүктелінді.

5. Дінге қарсы арнайы комитет құру мәселесі қойылды [19; 161]. Бұл қабылданған шаралар діншілдікке қарсы күрестің шарықтау кезеңіне сәйкес келеді. Ал, төңкеріске дейін Ресей Мемлекеттік Думасына екі мәрте депутататтыққа сайланған молла, дін руханиятының қайраткері Шәймерден Қосшығұлов шыққан өлкеде мұсылман дін иелерінің ықпалын әлсірету мен жоюдың жергілікті кеңес билігі үшін ерекше маңызы болғандығы күмән тудырмайды. Дәстүрлі дін өкілдерін, соның ішінде исламға қарсы жоспарлы іс-қимылдар Қазақстанда Ресейден сәл кейінірек, И.Ф. Голощекин басшылыққа келген 1925 жылдан ерекше қарқын алды. Бұл турасында зерттеуші Р. Мұстафина: «1926 ж. РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің «Дінге қарсы үгіт-насихат жұмысы туралы» резолюциясында діннің таптық мәні ашып көрсетіліп, мұсылман дін қозғалысының әлеуметтік мәні жағынан кеңес өкіметіне қарсы сипаты атап өтілді. Резолюцияға сәйкес Қазақстанда мұхтасибат институттарын жауып, қайта құрылуына жол бермеу ұсынылды. Билік органдары діни қызметкерлердің қызметін қатаң бақылауға алып, діни жиналыс, съезд, мешіттердің салынуы билік органдарының арнайы рұқсатымен жүзеге асырылды [20; 48-57]. Басқаша айтқанда, кеңес өкіметінің исламға және мұсылмандарға қатысты саясаты «социалистік», «дінсіз – атеистік қоғам құруға» бағыт алынды. Қазақстанда алғашқы болып 1926 жылы жабылған Көкшетау қаласындағы екі мешіттің бірі ол қаланың татар қауымы жамағатының қаржысына салынған халық арасында «татар мешіті» аталған мешіті [21; П.1]. Ислам дінін мейлінше қоғам өмірінен аластату үшін барлық іс-шаралар кешенді түрде жүзеге асырылуға тиісті еді. Осыған байланысты мұсылмандық мерзімдік діни басылымдарды шығаруға және таратуға қатаң тиым салынды. Бұл саясат өзінің әсіресе, «Үлкен террор» кезінде Қазақстанды басқарған Л.И. Мирзоян тұсында өз жалғасын тапты. Осы жұмыстарды жүргүзу үшін кеңестік режим комсомол жастар ұйымдарын, 1925 жылы ұйымдастырылған «Құдайсыздардың ерікті одағы» тәрізді қоғамдық ұйымдарды пайдаланды. Ол ұйым Одақтық көлемде құрылып, оның филалдары барлық республикалар мен жергілікті жерлерде жұмыс жасады. Архивте осы ұйымның атынан 1937 жылы Каз Крайком хатшысы Л. Мирзоянның атына жазылған келесі анықтама – хаты сақталған. Онда: «Діншілдермен жұмыс жүргізу мақсатында үш айлық арнайы курстар ашылды, осы уақытқа дейін екі топ, барлығы 180 адам осындай курс дайындығынан өткізілді. Қазақ тілінде дінге қарсы атеистік әдебиет жетіспейді» деп жазылды. Республикалық деңгейде діншілдермен күрес жүргізудің арнайы жұмыс жоспары бекітіліп, ол Қазақ АКСР Халық комиссарлары жанынан құрылған дін істері жөніндегі комитеттерге тапсырылды. Осы комитет бөлімдері барлық облыстарда жұмыс жасады. Оларға жоғарыдан келесі мазмұндағы нұсқаулықтар беріліп отырды: «Дінге қарсы үгіт-насихат айына үш мәрте жүргізілу керек, діни тақырыпта лекциялар ұйымдастыру, клубтарда кемінде айына екі рет діни тақырыпта кештер өткізу, атеистік

әдебиеттердің 500 кітаптық қорын ұйымдастыру жоспарланды. Сондай-ақ діни қауымдар туралы толық мәліметтер жинақталып, мұсылман дін өкілдерінің 1916 жылғы көтеріліске қаншалықты қатыстылығы анықталуға тиісті деген міндеттер жергілікті атқару билік орындарының алдына қойылды [22; П.15,16]. Бұл бағытта жүргізілген жазалау, қудалау қарқынды жүргізілгені соншалық, сол кездегі Республика басшылары діншілдерге қарсы жұмыстарды қанағаттанарлықсыз деп тауып, ол жұмыстарды одан да қарқынды жүргізуді үнемі талап етіп отырған. Ол турасында архив құжаттарында мынадай деректерді кездестіреміз: «БКП(б) Қазақ Өлкелік партия комитетінің дінге қарсы жүргізілуге тиісті жұмысқа байланысты бірқатар нұсқауларына қарамастан, бұл тараптағы жұмыс ең артта қалып келеді. Бұған дейін «ұлтшыл-фашистер» болып шыққан Асфендиров пен Лекеров бастаған Республикалық бюро да бұл жұмыстағы әрекетсіздігі үшін таратылды» деп мәлімдеді [23;П.93]. Сол кезде бір ғана Көкшетау уезі бойынша ОГПУ орындары 148 имамды моллалық құрды, діни уағыз – насихат жүргізді деп, арнайы тізімге енгізді. [24; П.1]. Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданы Степняк алтын кенінде 1937 жылы ОГПУ «әшкерелеген астыртын діни қауым» мешелері ретінде 14 молла, діншіл элемент деп танылып репрессия құрбаны болғаны бүгінде анықталуда. Олардың үшеуі: Ақаев Меркасым Шаймерденұлы, Кузкенов Шамақ, Айтқожин Ғалиасқар 1937 жылы «Үштіктің» сот үкімімен атылып кеткен, қалған 11 адамның тағдыры белгісіз[25; П.12].

1 - Кесте - Степняк алтын кенішінде «әшкерелеген астыртын діни қауым мүшелері» [25; П.12]

Аты-тегі		Кім деп көрсетілген	Қандай жазаға ұшыраған
1	Акаев Мергасым Шаймерденұлы	Алтын кеніндегі астыртын діни қауым басшысы	1937 жылы «Үштік сотымен» атылған.
2	Айтқожин Ғалиасқар	Бұрынғы мешіт мұқтасибы	1937 жылы «Үштік сотымен» атылған.
3	Кузкенов Шамақ	Молла, бұрынғы мухтасибы	1937 жылы «Үштік сотымен» атылған.
4	Мырзабеков Кенжеболат	Молла, қажы	Тағдыры белгісіз
5	Байжұманов Жұмаділ	молла	Тағдыры белгісіз
6	Жолдыбаев Смағұл	Молла, қажы	Тағдыры белгісіз
7	Мыңбаев Өмірзақ	молла	Тағдыры белгісіз
8	Әлимов Бекен	молла	Тағдыры белгісіз
9	Қайыпов Кәрімжан	молла, қажы	Тағдыры белгісіз
10	Жұртығұлов Қуандық	Бай, діни қауым мүшесі	Тағдыры белгісіз
11	Рақиев Жақия	молла	Тағдыры белгісіз
12	Торайғыров Қозғамбет	молла	Тағдыры белгісіз
13	Қасен – молла	молла	Тағдыры белгісіз
14	Сыздық – молла	молла	Тағдыры белгісіз

Дәл осы кезде Көкшетау қаласында 1846 жылдан бері мұсылман жамағатына қызмет етіп келе жатқан халық арасында «Бірінші мешіт» аталған мешіт 1938 жылы Көкшетау қалалық Кеңесінің арнайы шешімімен жабылды. Мешіттің жабылуына

формальді себеп болған сылтау, ол мешітке ұры түсуі фактісі еді [26; 40]. Белсенді комсомолдар мен «Құдайсыздардың ерікті қоғамдық одағы» мүшелерінің талабымен мәдени қажеттіліктерге деген сылтаумен діни ғибадат орындарын тартып алу үдерісі үйреншікті іске айналды. 1940 жылы осындай белсенділердің табанды талабымен Ақмола қаласындағы ең соңғы мешіт те жабылып, оның ғимараты «Пионерлер сарайына» берілді. Нәтижесінде 1940 жылы Ақмола өңірі бойынша бірде-бір діни оқу орны мен ғибадат орны қалмады. Діншілдігі үшін үйіне тінту жүргізілгенде діни мазмұндағы кітаптар табылған болса, онда ол жағдай «халық жауы» атанған діншілдің қылмысын ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылды. Діни қызметі, дінге көзқарасы, мешіт ұстағаны үшін ОГПУ-дің екілік, үштік соттарымен Акқмола өңірі бойынша қуғын-сүргін құрбандары саны туралы деректер бүгінгі күнге дейін толық нақтыланбаған. Көкшетау уезінің Октябрь болысының тұрғыны Өстеміров Ахметбек, Жұманов Рақымжан Атбасар уезінінен – Бердәліұлы Халық-қажы,Үсенов Қайыржан, Үсенов Баукен, Айыртау өңірі тумасы Боқаев Абушахман қажы, Қойлыбаев Сыздық қажы сияқты көптеген дін қайраткерлері жаппай қуғын-сүргін құрбандары болды [27].

Тек кейбір молда-имамдар ебін тауып, Ресейге т.б. өңірлерге ауып аман қалған. Дәл осы кезде Көкшетау өңірінен Жұмабек Жармұхамедов, Сәдуақас Ғылмани, Шаймерден Қосшығұлов, Салғара Куанышев, Бейсенбай – қажы (Қазақстан қазиы – Жақия Бейсенбайұлының әкесі), кейін Көкшетау қаласында имам боп тұрған Момақан Ғабдолжаппарұлы Әлиев сияқты атақты дін қайраткерлері Омбы одан әрі Алтай жаққа қарай қашып шығуға мәжбүр етілді [28]. Көкшетау қала мешітін қайтадан ресми тіркету жолында көрнекті рөль атқарған Момақан Әлиев қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданының Қарағаш ауылы тумасы. Кезінде мұсылманшылық білімді Көкшетау қаласында Науан-Хазірет мешіті жанынан ұйымдастырылған медреседен білім алып, 1924 жылға дейін туған елінде молдалық құрған. Дін өкілдеріне қысымшылық күшейген сәтте әуелі Омбы, содан кейін Алтай өлкесіне кетуге мәжбүр болған. Көкшетау мешітінде 1956-1969 жж. мешіт имамы қызметін атқарды. 1958 ж. Ташкентте өткен 2-ші құрылтайда Қазақстан қазиятының нәбилігіне сайланды. Бұл қызметті 1969 жылға дейін, яғни өмірінің соңына дейін Көкшетау мешіті имамдығымен бірге атқарып жүрді. Өз заманында ол аса білімдар – дін қайраткері, Науан Хазірет алдын көріп, қадімше білім алса да, замана ағымын анық байқап, қазақтың, жалпы түркі-мұсылмандар тарихын терең зерттеп, ғылыми дәйекті еңбектер жазған ғұлама-ғалым ретінде де көпшілікке танылды. Көп уақыт қуғын-сүргін зардабын тартса да мойымаған, тура жолдан таймаған Момақан Әлиев өз артында қомақты әдеби, тарихи мұра калдырды. Олар: «Бабалар шежіресі», «Қазақ-түрік тарихы» сияқты ұзақ жылдар бойы жазған еңбектер[29; 159-169].

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында солтүстік өңірде соңғы жүз жыл ішінде қалыптасқан ислам діні институтары небары 16 жыл ішінде толықтай күйретілді. Арнайы діни білімі бар мұсылман дін иелері қазақ социумынан барынша аластатылды. Дегенмен, жасында мұсылмандық мектепте оқыған, молла-ишандардың тәрбиесін көрген азаматтар арқасында исламдық діни-мәдени дәстүрлер қарапайым қазақ халқы арасынан біржола жоғалып кетпеді. Бұл кезеңде ислами діни салт-дәстүрлер жалпы қоғамдық құбылыстан тұрмыстық деңгейге түсірілді. Халық арасында діни уағыз жүргізуге, мұсылман ғұрпымен жаназа шығаруға, ер балаларды сүндетке отырғызуға дейін қатаң тиым салынып, ол тиымдардың сақталуын қадағалау жергілікті комсомол, партия – кеңес орындарына жүктелінді. Кезінде молла болған кісіні ОГПУ органдары арнайы тергеуге шақыртып, олардан діни ғұрыптарды атқармаймын, уағыз

жасамаймын, тіпті намаздан да бас тартамын деген колхат алған кездер де болғаны туралы көптеген деректер Ақмола облыстық архивінде сақталынған. Солтүстік өлке халқын да ойсыратып кеткен 1932-нің аштығы мен 1937-1938 жылдың зұлматы тоталитарлық саяси режимнің қатаң бақылауы салдарынан бұрынғыдай діни рәсімдерді кең көлемде атап өте алмады. Діни рәсімдер сырт көзден тыс, жасырын атқарылып, намазды енді тек әргім өз үй-ішінде, көбіне орта жастан асқан адамдар есік-терезені жауып қойып, атқаратын дәрежеге жетті. Діни рәсімдер мен бірге ислам дініне қатысы жоқ көне дәуірлерден келе жатқан Наурыз мейрамына да тиым салынып, оның орнына Жаңа жыл мерекесі сырттан таңылды. Кеңестік қоғамда халықтарды ұлтқа, нәсілге бөлмей бірыңғай «кеңес адамын» және қоғамын қалыптастыруға күш салынды.

Екінші дүниежізілік соғыстың басталуы, коммунистік және фашистік тоталитарлық идеологиялардың өзара текетіресі кезінде сталиндік өкіметке 1943 жылдың күзінде кеңестік «жаугершіл атеизм» саясатына түзетулер енгізуге тура келді. 1943 жылы Ташкент қаласында Орта Азия мен Қазақстаннан қатынасқан 160 дін өкілдерінің құрылтай конферециясы өткізіліп, бес қазияттан құралған *Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылды*. Қазақстан қазиятының бас қазиы болып Абдулгафар Шамсутдинов сайланды. Кеңес билігі мұсылман дінінің халық арасындағы беделін ескере келіп, соғыс жағдайында кейбір негізгі діни институт құрылымдарын ішнәра қалпына келтіру керектігін мәжбүрлі түрде түсінді. Бұл өзгеріс *бір жағынан* ХХ ғ. ең сұрапыл соғысқа қатысып жатқан КСРО басшылығы халықтың кең қолдауына ие болу мақсатынан туындаса, *екінші жағынан* майданда қаза тапқан жауынгерлерден «қара қағаздар» көптеп келуіне байланысты діни рәсімдерге деген сұраныс, жақындарын жоғалтқан адамдарға моралдық – психологиялық қолдау қажеттілігі туындаған жағдайда билік діни факторды жоққа шығара алмады. Архив құжаттарынан байқағанымыз, соғыс жылдары Көкшетау қаласында бұрынғы діни жоралғылар қайта жанданып, діни дәстүрлер қайта келіп жатыр деген хабарларды жергілікті дін істері жөніндегі мемлекеттік органдар жоғары жаққа хат-хабар түсіріп отырған [30; П.39]. Осындай жағдайда кеңестік режим өзі ренеамацияланып жатқан діни басқарма мен оның филиалдары болып табылатын қазиаттардың статусын, олардың құқықтық өкілдіктерін заңдық тұрғыдан анықтау мәселелері түсініксіз жағдайда қала берді.

Соғыс кезінде жетім-жесірлерге көмек қолын созған да осы мешіт қауым-жамағаты еді. Мысалы Жамбыл атындағы колхоздың жамағаты 17 центнер астықты елге көмек ретінде жинап берген болса, Көкшетау ауданында молла Құрманов бірнеше центнер картопты жеткізіп беріп, жетім-жесірлерге көмектескен. Қызылжар, Ақмола, Көкшетау қалаларына ОАҚМДБ-ның арнайы шешімдерімен осы қалаларға имамдар тағайындалғанымен, олардың ресми түрде имам аталуына, кең көлемде діни уағыздар жүргізулеріне қатаң шектеулер жасалды. КССРО ХКК жанынан құрылған дін істері жөніндегі Кеңестің бұйрығымен оларға құпия нұсқаулықтар берілді. Мемлекеттік органдар мен діни қауымдардың өзара қатынасын реттейтін заң нормалары жеткіліксіз болып шықты. Оған Петропавл қаласына имам болып, мүфтият атынан барған Шакир Хияметдинов өз бетімен имам деп өзін – өзі жариялауға болмады. Өз бетімен, біздің рұқсат қағазымыз болмаса уағызда жүргізуі тиісті емес делінген хат Ақмола облысы бойынша дін істер комитетінің арнайы уәкілі Жазықбаев жоддастың атына келіп, оған «өзін-өзі имам сайлап алған» молларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу жүктелінді. Осыған байланысты әсіресе, мешіттерді ашу, тіркеу қиямет-қайымы көп іске айналды. Заң бойынша дін мемлекеттен ажыратылды деп жарияланғанымен іс жүзінде кеңестік

тоталитарлық жүйеде діни бірлестіктер коммунистік идеологиядан тыс болуы мүмкін еместі. Сондықтан, жаңадан құрылып жатқан мүфтият – «кеңестік мұсылмандар мүфтияты» ретінде жобаланды. Сол себепті де діни қауымдардың күнделікті өмір – тіршілігі кеңестік және партиялық органдарының қырағы бақылауында болуға тиісті етілді. Ресми өкімет орнындары халық арасында діни дәстүрлердің жандануын, атқарылу жиелігі мен мазмұнын жіті қадағалап, олардың дамып, өркендеуін мейлінше шектеуге тырысып отырды. Мысалы, 1944 жылы Ақмола облысы, Көкшетау ауданындағы халықтың діни – рухани ахуалынан хабар беретін жоғарғы жаққа келесі мазмұндағы «сигнал» келіп түскен: «Көкшетау ауданының Елтай колхозында Шұбар молла ашықтан-ашық енді дінге толық бостандық берілді, сондықтан барлық діни рәсімдерді атқару парыз деп уағыз айтқан. Осы молланның сендіруімен Қараөзек колхозында жаппай мал сойысқа жол беріліп, «тасаттық жасатқан». Әрине, қарапайым жұртшылық кеңес өкіметінің діни сенімге байланысты жасаған кеңшіліктерін, діни сенім бостандықтарын толық ауқымда қалпына келтірді деп жаңсақ ұғынды. Бұрынғысынша, кеңес азаматының жеке көзқарасы, әсіресе ол тұлға Ебишев сияқты мектепте мұғалім болып қызмет істесе, ондай тұлғалалар ерекше назарда ұсталынды. Архив қорларынан мынандай деректі оқуға болады: «Көкшетау ауданындағы Жолдыбай ауылының мұғалімі Ебишев дұға асқа қой және екі жылдық тайынша сойып, моллаларды жинаған [31; П.25]. Соғыстан кейінгі кезеңдегі Ақмола өңіріндегі мұсылман қауымының күнделікті өмір-тіршілігі күрделі жағдайда қала берді. Солтүстік өңірде 1920-1940 шы жылдар аралығында жабылған мешіттерді қайта ашу, мұсылман жамағатының рухани өмірін қалыпқа келтіру үдерісі қандай қиыншылықтармен жүргендігін келесі кезектегі архив деректері айғақтайды: «1944 жылы Ақмола қаласында 98 мың тұрғынның 40% қазақ ұлтының өкілдері құраған, ал облыстың 16 ауданы ішінде Қорғалжын, Есіл аудандары таза қазақ аудандары, дінге сенушілер саны 500-600 адам, 1943 жылдан мешіттерді қайта ашуға арыздар осы аудан мен Ақмола қаласынан келіп түсуде. Дәл осы жылы Ақмоладағы православ шіркеуі бірінші кезекте қайтарылса, ал мұсылман мешітін қайтару ұзаққа созылып кеткендіктен ақмолалық жамағат Омская көшесіндегі жеке пәтерде діни-рәсім жиындарын өткізіп келді. Тек 1948 жылдың бірінші тоқсанында ғана Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі Ақмола қаласының дінге сенуші мұсылмандарының арызын қанағаттандырып, ресми тіркелген мешіт ғимаратын Ақмола қаласындағы Омская – 16 үйінде ашуға рұқсат берді. Сонда, мұсылман қауымына бір мешітті ашу үшін 5 жылға дейін уақыт кеткенін көреміз, қолдан жасанды бюрократиялық кедергілер жасау сол кезеңдегі мұсылман қауымының басындағы үйреншікті жағдай еді. Дін институттарын қалпына келтіруде, діни жамағаттың күнделікті өмірін күрделендірудің бір құралы ол салық салу жүйесі еді. Қайтадан ашылған Ақмола мешіті жамағаттың өз күшімен жиналған қаржы есебінен жөндеуден өткізіліп, мешітке бейімделген ғимаратта орналасты. Бұрынғы мешіт ғимараттарының біразы атап айтқанда: Ақмола, Атбасар, Көкшетаудағы мешіт ғимараттарының қолдану нысаны өзгертіліп, оларды бұрынғы иелеріне қайтару, талан-таражға түскен немесе тәркіленген мүлікті орнына келтіру жөнінде тіпті де сөз қозғалмады. Керісінше, жаңадан ашылып жатқан мешіттерге үлкен көлемдегі салық салынды, мысалы оның мөлшері Ақмола мешіті үшін 16 мың сомға дейін жетіп, осында имам болып келген Қызылжар мешіті имамы – Шәкір Хиалетдиновтың арыз-шағымынан кейін ғана оны 8 мың сомға дейін азайтуға әупірмдеп жүріп қол жеткізген [32; П.30].

1975 жылы Целиноград ауданына қарасты Ильинка селосының жанындағы мұсылмандар зиратында кісілерді жерлеуде қолданылатын құрал-сайманы үшін қойма – үйі деген желеумен көлемі 50 шаршы метр болатын үй салып, онда жаназа діни ғұрпын атқармақшы болған. Билік органдарының рұқсатынсыз салынған ғимарат сүрілді, осы заңсыз құрылысты ұйымдастырған тұлғаларға қатаң ескерту жасалынды. Тіркелмеген молдалардың зиратты басқаруға байланысты әрекеттері тиып тасталынды. 1975 жылдың 7 қазанында Целиноград қаласында тіркелген мешітте өткен айт намазына 1100 адам қатынасқан оның 450 – әйелдер, барлығы мешітке симағандықтан мешіт алдында намазға тұрды. Мешіт кассасына 5146 сом түскен оның 2300 сомы пітір – садақа, мешітке жалпы 4600 дінге сенуші қаржы салған. Солтүстіктегі мұсылмандар оңтүстіктегі мұсылмандарға қарағанда әлдеқайда фанатты емес, олар көптеген мұсылманшылық ғұрыптарын түгелдей атқара бермейді. Олардың басты атқарып жүрген мұсылманшылық рәсім ол «Ляйлят – әль-Кадр» Ораза айының басында мешіт имамы Балташев Камал дінге сенушілерге ораза аяқталар айдың 27-ші күні мешітке келіп, «Ляйлят – әль-Кадр» түнін бірге қарсы алып, Алладан тілек тілеп, періштелермен тілдесіп қалуға шақырды. «Ляйлят – әль-Кадр» күніне мешітте дайындық жүрді, дін өкілдері келіп жиналды, бірақ бұл жиынға көпшілік жұрт жиналмады, сөйтіп, «Ляйлят – әль-Кадр» түнін жамағатпен бірге қарсы алу өтпей қалды [33; П.29]. Дінмен мақсатты түрде идеологиялық күрес жүріп жатқан уақытта халық , «Ляйлят – әль-Кадр» түнін әркім өз үйі – өз мешітінде қарсы алғанды жөн көрді деп санаймыз. Ораза кезінде «кезбе молдалар» белсенділік танытып, дінге сенушілерді рамазан айында құдіретті, күшті даналық иесі Алла –тағалаға шексіз сеніп, оның мейрімі мен рақатына бөлену үшін ораза тұтуға шақырып, рамазан айы ол мұсылмандардың біліп-білмей жасаған күнәлерінен айыратын, тәубаға келуге, тура жолға түсуге мүмкіндік беретін қасиетті ай деп сендіреді. Ораза ұстау мұсылман баласының Құдай-тағалаға жақындығына себепкер, Жаратушымен рухани байланысқа жол ашады деп уағыздалды. Мешіт имамы Балташев: мұсылмандардың 30 күн бойы – ораза тұтуы шарт емес, оразаны әргім шамасы, жағдайы келгенше ұстасын. Оразадан – ауыр науқас адамдар, жүкті әйелдер, тым кәрі, қарт адамдар босатылады деді. Сондықтан, дінге сенушілердің көпшілігі отыз күн ораза шартын толық сақтай бермеді. Сол себепті діни жоралғыға қатысқандардың көпшілігін ораза ырымын жасаған «үшкүндіктер» құрайды. Студенттер, оқушылар, комсомолдар ораза ұстамайды, оразаға байланысты мектепке сабаққа келмей қалу оқиғалары байқалмаған. Облыс территориясында «Әулие» жерлер болмағандықтан, оларға зиярат етушілер де жоқ. Облыстан өткен 1975 жылы Мекке-Мәдинеге қажылық жасаушылар да болмаған. Облыстың ауылдық жерлерінде тіркелген мешіттер болмағандықтан ауылдық кеңес пен поселкалық кеңестердің депутаттары тіркелмеген молдаларға діни уағыз насихат жүргізуге тиым салып, рұқсат бермеген. Бірақ, осы тиымдарға қарамастан тіркелмеген молдалардың ұйымдастыруымен Қорғалжын. Ерементау, Сілеті, Краснознаменск аудандарының ауылдарында ораза кезінде ауыз ашар (ифтар) өткізіліп, тараух намазы оқылған. Бір ифтарға 57 адам жиналған. Оның ішінде діни сауаты бары құран оқыған. Бұл жиында дінге сенушілерден басқа балалар мен оқушы-студенттер қатысып отырған, ифтар кезінде айтылып жатқан уағыздар арқылы жастар ислам дініне тартылып жатады. Молдалар оразаның адам ағзасына пайдалығын, темекі шегу сияқты зиянды әдеттерден арылуға көмектесетінін уағыз-насихатында тілге тиек еткен..

«Кезбе молдалар» тараух-намаз кезінде мұсылман-адамға ораза ұстау парыз екендігін, әр адам өзіне, жақын-туғандарына Алладан бақ-береке тілеуі керектігін

уағыздаумен болған. Ораза мейрамы кезінде тіркелмеген молдалардың айтарлықтай белсенділігі артады. Олар үйден-үйге жүріп, мұсылмандар 50 тиыннан пітір – садақа мешітке беруге үгіттеген, ораза кезінде тіркелмеген молдалар өздері «мұсылман зираты» - деп атайтын (кеңестік атеизм саясаты қағидасы бойынша діни мәдениеті бойыша бөлек мұсылман, христиан зираттары болуға тиісті емес) зираттарды басқару ісіне араласуға әрекеттеніп, мұсылман зиратының басына – шағын үй тұрғызуға, оларды марқұмдарға «жаназа» шығаруға пайдалануға тырысты. Кеңестік атеизм салтанат құрған XX ғ. 70-ші жылдары Қазақстанның солтүстік өңірлерінде қайтқан адамдардың барлығына бірдей «жаназа» шығарылмады, мұсылмандық діни дәстүрмен жерленбей азаматтық – коммунистік жерлеу рәсімдерімен жер қойнына берілген партия, кеңес қызметкерлері аз болмаған. Тіпті мұсылманшылық әдет-ғұрыптар көп сақталған Қорғалжын ауданында – марқұмдардың тек 90%, Ерейментау ауданында – 70%, Сілеті ауданында – 60% ғана «жаназа» шығарылып, ақтық сапарға жөнелтілген. Қазақ халқы түркі-мұсылман халықтары ішінде дүниеден өткен ата-бабаларына, туыс-туғандарына ерекше қарайтын халық. Бұл жерде «жаназа» дәстүрінің исламға дейінгі түркі халықтарына тән болғандығын және кейінгі исламдық кезеңде исламдық өң мен мазмұнға ие болғандығын айта кеткеніміз жөн. Жаназа өткізуге тиым салу, шектеу секілді кеңестік атеистік тиымдардың қарапайым халық үшін таза моральдық-психологиялық салдарының зор болғандығын ескеруіміз қажет. Діни ахуалдан жоғары органдарға хабар берушінің мәліметіне сүйенсек діни әдет-ғұрыппен жерленетін марқұмдар саны ораза кезінде көбейіп отырған. Оразаны көбіне жасы егде адамдар ұстаған олардың арасында «үшкүндікшілер» көп болған. Целиноград қаласының мешітінде өткен айт намазына Целиноград облысының барлық ауылдарынан, сонымен бірге Торғай, Қостанай облыстарының жекелеген аудандарынан келіп қатынасқан [34;П.33]. Жағдайдың осылай қалыптасуына әсер еткен жағдай ол солтүстік өңірлердегі облыс орталықтарының өзінде бәрінде бірдей 1943 жылдан кейін мешіттер ашыла бермеген. Ал ауылдық жерлерде мешітке қажеттілік бола тұра дінге сенушілердің ондай орындарды қайта ашуға, ал Арқалық секілді жаңа салынған қалаларда мешіт ашуға мүлдем рұқсат берілмеді.

Мешіттерді қайта ашу жөніндегі өтініштер Ақмола, Көкшетау, Қызылжар сияқты облыс орталығы болып тұрған қалалардан ғана емес, төңкеріс пен «жаугершіл атеизм» саясатына дейін мұсылман жамағаттары қалыптасқан ауылдық жерлерден көптеп түсіп отырды. Мысалы, Көкшетау облысының Зеренді ауданының Қызылегіс, Көктерек, Қараөзек ауылдарын біріктіретін Ленин ауылдық кеңесінен, Шучье ауданының Кіндік – қарағай, Айыртау ауданының Егіндіағаш, Еңбекшілдер ауданының – Казгородок, Көкшетау ауданының Қызыл – Сая колхозы ауылдарынан өтініштер көптеп келіп түскен. Архивтік деректе, Көкшетау қаласындағы жамағаттың мөлшері қазақ пен татар мұсылмандарды қосып есептегенде 1000 адам деп көрсетілген. Соғыстан кейінгі қыйыншылық кезеңде, оның үстіне өздерінің тұрақты мекен – жайынан айырылған көкшетаулық діндарлар өзінің ақыл-беделімен жамағатты ұйыстырып келген молла Қожахметов Нұралы қайтыс болған соң, Көкшетаудағы діни бірлестік ыдырап кеткен кезді де бастан кешірді [35; П.47].

Бұл дағдарыс ұзаққа созылмай ақсақал намазхандардың арқасында Көкшетаудағы мұсылман бірлестігі 1952 жылы қайта қалпына келтірілді. Қазақстан қазиятының наиб имамы Момақан Әлиевтің 1956 жылы Көкшетау мешітінің имамы болып келуі Көкшетау мұсылмандарының рухани өмірінде зор оқиға еді. Момақан молланың келуімен Көкшетау қаласында соңғы мешіт жабылған 14 жылдан соң

намазхан үйінің Фрунзе көшесі №169 мекен-жайында ашылуы, исламдық дәстүрлердің қайта жаңғыруына айтарлықтай әсер етті. Намазхан үйі ашылғанға дейін намазхандар үйлерінде кезектесіп жиналып жүрді. Бұл діни рәсімдерге байланысты қолданыстағы заңға қайшы келеді деп, Көкшетау облысы бойынша дін істері бойынша уәкілдің өзі мойындап, республикалық Дін істері уәкіліне былай деп жазды: «Көкшетау қаласындағы мұсылман қауымы 1944 жылдан бері діни бірлестігін тіркеу, құлшылық үйін ашу туралы өтінішін жасап келеді. Қазіргі күнде олар үнемі өздері сатып алған үйде тұрақты түрде діни рәсімдерді атқарып келеді. Сол себепті КСРО Министрлері Кеңесі жанындағы дін істері жөніндегі Кеңестің өкілетті уәкілі Джумашев жолдастың хатында КСРО Министрлері Кеңесінің 1956 жылдың 17 наурызындағы №259 Қаулысына сәйкес Қазақ КСР Министрлері Кеңесіне осы мәселеге байланысты түпкілікті шешім қабылдау ұсынылған. Ол бойынша Көкшетау қаласындағы дінге сенуші мұсылмандардың өтінішін ескеріп, діни бірлестікті ресми тіркеуге алуды, мешіт үйін ашуды орынды деп тапқан» [36; П.15].

1950-1960-шы жылдары мұсылман жамағатының діни-рухани өмірі түрлі шектеулерге қарамастан онан әрі жандана берді. Бұл үдеріс халық көп шоғырланған Ақмола, Көкшетау қалаларында ғана емес, ауылдарда да әжептәуір көрініс берді. Ол турасында архив құжаттары келесі деректерді куәландырады: «Шучье ауданындағы Кіндік – Қарағайдағы жамағат айналасына 3-4 ауылдың 200-300 адамын ұйыстырып отыр. Мұнда молла болып отырған Исабаев Маткен. Ал, Айыртау ауданындағы Егіндіағаштағы үйде жиналып жүрген жамағаттың имамы қызметін атқарушы Тушуев Әміре деген азамат, бұл діни қауым да заңды тіркелмеген. Зеренді ауданындағы Ленин атындағы ауыл-кеңестегі бос тұрған мешітті жамағат қарауына мұсылман қауымы атынан қайтаруды талап қылған осы ауылдың молласы Есдәулетов Жанболат. Шучинск қаласындағы жамағатқа имамдық қызмет атқарушы Өскенбаев Дәулетбек өз үйін мешітке айналдырған. Жұма намазға апта сайын 20-25 адам жиналып келіп отырады, бұл мешітте тіркеусіз жұмыс жасап келеді. Еңбекшілдер ауданы Казгородок ауылы тұрғындары мешітке деп ақша жинап үй сатып алған. Үлкен ауыл болғандықтан, бұл қауымның жұма намаздарына айналадағы шағын ауылдардан да кісілер келіп, намаз оқуға 150-200 адамға дейін жиналады. Сондықтан, аталған діни – қауымды тіркеуден өткізіп, заңды жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек деп жоғары жаққа есеп берілген. Осы мешітке үй облыстық атқару комитетінің санкция-рұқсатынсыз алынған. Қызыл-Сая ауылында да жергілікті жамағат молла Әкімбаев Мәсғұттың ұйымдастыруымен екі бөлмелі үйді сатып алып, мешітке айналдырған. Бұл қауым да өз жұмысын тіркеусіз жасап келген. Соған қарамастан, жергілікті бақылаушы органдар мешіт үйін тартып алудың жөні жоқ деген қорытындыға келген. Облыс аумағында діни дәстүр-әдептер қайта жанданып, моллалар қайтқан адамдың жаназасын шығарып, иманын айту, оң жаққа жатқызу, күнәсін кешірту, әйелі, қыздары, келіндеріне жоқтау айтқызыу, құран – хатым түсіру. Артынан 40-күн құран оқыту, үшін, жетісін, қырқын, жылын беру, сүндеттеу сияқты діни рәсімдерді орындайтын болған. Бүгінде, Ақмола облысы бойынша 40-45 шамалы «кезбе молдалар» барлығы анықталған [37; П.44]. «Кезбе молдалар» құжыраларда өз білімдерін жетілдіріп отырған. Орта Азия мен Қазақстанда мешіттерді жаппай жауып тастаған кезде «кезбе молдалар» діни рәсім-жоралғыларды атқару үшін ел аралап жүруге мәжбүр болды. Көптеген имамдар атылып, жазаланып кеткен уақытта қайтыс болғандарды мұсылман ғұрпымен жерлеу, баланы сүндетке отырғызу үлкен мәселеге айналды. Сондықтан, шамасы келсе молдаларды сырттан іздестіріп алдырып, әсіресе кісісі қайтқан отбасылар өз жақын

тумаларын мұсылман ғұрпымен ақтық сапарға шығарып салуға тырысты. Сонымен бірге, кеңестік атеистік идеология ықпалымен елге белгілі еңбегі сіңген адамдарды жерлеу рәсімінде біршама «жаңалықтар» енген фактілер де кездесті. Қайтқан адамды – оркестірмен шығарып салу, партия және кеңес билігі өкілдерінің зират басында қаралы митиниг ұйымдастырып сөз сөйлеуі, құлпытастарға дәстүрлі ай белгісі мен құран сөзінің орнына қызыл жұлдыз орнату, құлпы тасқа марқұмның суретін қою т.б. Әрине, бұндай жағдайлар ислам дінінің канондарымен үйлеспей жатты, осындай жағдайларға молдалар өз пікірлерін білдіріп отырды, алайда, кеңестік иделогия үстемдік құрып тұрған уақытта ашық қарсы шыға алмады. Марқұмды ақтық сапарға шығарып салу рәсіміне байланысты жергілікті партия және кеңес орындары арасында Қызылту ауданындағыдай қайшылықты жағдайлар да туындап отырғандығын айта кетуіміз керек. Екінші жағынан, партия мен кеңес органдарында қызмет жасайтын адамдар да осы мұсылмандық салттарды орындап жүрді (азан шақырып, нәрестеге ат-есім қою, ер баланы сүндетке отырғызу, пассивті түрде діни салтарды атқару мен діни мерекелерге қатысу). Діни рәсімдер мен дәстүрді атқарып, «ұсталып» қалған, домалақ арызбен көрсетілген жағдайда партиялық жауапқа тартылған жағдайлар кейде кездесіп отырды. Бірақ, негізінен кезбе моллалар, имамдар қызметіне жергілікті совет және партия органдары бұрынғыдай аса қудалай қойған жоқ. Архивтерден атеистік жұмыстарды әлсіретіп алған жолдастарға құпия, ашық нұсқаулықтар үнемі түсіп отырғанын көреміз.

Кеңес билігі қаншама шектеп, діни институттарды әдейілеп қиратқанымен, қарапайым халықтың күнделікті өмірінен, ата-бабасы мұсылман қауымында туылған адамның фәниден бақиға аттанған соңғы сапар рәсімдерінен діни ғұрыптарды түбегейлі аластап құртып тастау мүмкін еместігін мойындап, діни қауым өмірін қалыпқа түсіріп, заңдастыруды жөн деп тауып, 1950-80 жж. діни бірлестіктерді, «кезбе молдаларды» тіркеуге алып, мешіттерге молла, имам қылып бекіту науқанын жаппай жүргізді. Бұл жерде біз КСРО мемлекетінде дін істерін реттеу мен басқару жүйесі өзгертіліп, осыған дейін КСРО ХКК Қаулысымен 1943 жылы 14 қыркүйекте құрылған Орыс православ шіркеуі істері Кеңесі мен 1944 жылы 14 мамырда КСРО ХКК Қаулысымен құрылған Діни культтер істері Кеңесі яғни екі мекеме КСРО Министрлері Кеңесінің 1965 жылдың 8-ші желтоқсанындағы Қаулысымен КСРО Министрлері Кеңесі жанындағы – Дін істері Кеңесі болып біріктіріліп қайта құрылды [38]. Осы мекеменің бөлімдері Одақтас республика және облыстық деңгейлерде жұмыс істеп тұрды, аудандық, қалалық деңгейде ол қызметті жергілікті аудандық, қалалық, ауылдық атқару комитеттері атқаруға тиісті етілді.

2 - Кесте - Көкшетау қаласы бойынша жұма намазы мен ораза айт, құрбан айт намазына қатысатын намазхандар саны (1970-1979 жж.) [39; П.19]

1970ж.	1976 ж.	1977	1978	1979
350	370	380	400	380

Осы берілген кестеден діни жоралғыларға қатысатын адамдар саны біршама өскенімен, негізінен аздаған өзгерістермен тұрақтанғанын байқаймыз. Құжатта Көкшетау мешіті іс жүзінде 1952 жылдан тіркеусіз жұмыс істеп келген, билік органында заңды тіркелген уақыты Көкшетау облысы бойынша дін істері жөніндегі өкіл С. Елеусізовтың қолы қойылған анықтамада 1956 жылдың 10 қыркүйегі, имам тұрып жатқан – Фрунзе көшесі №169 үй мешіт ретінде діни рәсімдерді атқаруға болатын ғибадат орны ретінде көрсетілген [40; П.18].

Дін істерін реттеу, діни қауымдармен байланыс жасау мақсатында облыс орталығында 20 адамнан тұратын, жергілікті діни кеңесі құрылып, билік орындарымен мүлікке, мешіт қызметіне байланысты мәселелерде тиісті келісімшарттар жасап отырды. Көкшетау мешітінің атқарушы кеңесі барлық қаржылық, шаруашылық, ұйымдастыру мәселелерімен айналысты. Көкшетау мешітінің атқарушы кеңесінің төрағалығына сайлау 1979 жылдың 24-ші тамызда өтіп, оған хаттама бойынша 16 адам қатынасып, қайтыс болған бұрынғы төраға Мұқышев Жамантайдың орнына матауали райсы болып, Бижанов Рақымжан сайланып, ревизиялық комиссия мүшелігіне: Т. Абдилькаримов, М. Баймуканов, Арыстанбек Калабаев сайланған. Матауали жалақысы айына 100 сом деп белгіленіп, жалақы төлеуді мешіттің атқару кеңесі өз мойнына алған. Жақия – қажы Бейсенбайұлы 1979 жылы Алматыдағы қазилық қызметінен босатылып, Көкшетауға имамдық қызметке ауысып келген уақытта Көкшетау қалалық атқару комитеті төрағасы М.С. Налаев қол қойған. Көкшетау діни бірлестігінің атқарушы кеңесі 20-лық арасында келісімшарт жасалып, имамға Шолохов көшесіндегі №22 үйді қызметтік пәтер ретінде діни бірлестік қаржысы есебінен сатып әперген Көкшетау мешітінің бас имамының (құжатта старший мулла) жалақысы атқару кеңесінің ұйғарымымен – 200 сом деп белгіленген [41; П.2,3]. Діни қауымның тіршілігі дінге сенуші жамағаттың өз қаржысы есебінен өтеліп отырды Аңғаратынымыз, ресми мемлекеттік қарым-қатынас қағаздарында имам деген атаудың өзі қолданылмағанын, облыс көлемінде дін істеріне белсенді араласып отырған Көкшетау немесе Целиноград қаласындағы мешіт имамы ресми түрде облыс имамы деп танылмағанын, барлық діни-кадрлық мәселелер ресми билік органдарының тікелей араласуымен жүзеге асып отырғанын көреміз.

Аудан орталықтары мен ауылдық жерлердегі мешіттер мен діни бірлестіктердің, кезбе молдалардың қызметін заңдастыру әсересе, XX ғ. 70-80 жж. аралығында толықтай жүзеге асырылғанын архив деректерінен айқын көреміз. II-ші Көкшетау бекетінде – Хамзин Ахметгар, Володар (Айыртау) ауданы – Закарьянов Ислям, Уәлихан ауданы – Абулденов Рақымжан, Қызылту ауданы – Махитов Ильяс, Ленинград ауданы – Танабаев Газиз аудан имамдары қызметін атқарды. Көкшетау мешітінің бас имамы Жақия – қажы Бейсенбаев Көкшетау облысы бойынша дін істерін Кеңесінің Уәкілі мен жергілікті аудандық атқару комитетінің келісімімен аудандарға имамдарды тағайындап отырды. Сол кездегі Уәлихан аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Т. Мұқышев Көкшетау облысы бойынша дін істері жөніндегі Кеңестің Уәкілі Н.И. Маркевичтің атына жолданған 1981 жылдың 24 наурыздағы хатында: «Біздің ауданда ресми тіркелген моллалар жоқ, ал кейбір жерлерді «кезбе молдалар» деп аталып жүргендердің ықпалы байқалады. Осы мәселені бір жүйе-тәртіпке келтіру мақсатында осы жақта жағымды жағынан мінезделіп жүрген Абулдинов Ракымжанды Уәлиханов ауданы бойынша молла қылып тіркеуіңізді сұраймын» деп жазған [42; П. 44].

Кеңестік билік орындары дін істеріне, кадр мәселесіне араласып отырды. Имам болып сайланған адамдар билік органдарымен арнайы шарттар жасасып, тек сол ережелер бойынша ғана жұмыс жасауға хақысы болды. Мысалы, Көкшетау мешітінің атынан Танабаев Ғазиз Ленинград ауданы бойынша молла болып тағайындалғанда келесі мазмұндағы арнайы «Келісімшарт» жасады. Бір жағынан Ленинград ауданының жаңа тағайындалған молласы Танабаев Ғазиз, екінші жағынан Көкшетау мешітінің атқарушы комитеті атынан Бижанов Рақымжан төмендегідей шарт жасасқан:

1. Ленинград ауданының орталығы Менжинский селосында молла болып жұмыс істеуге;

2. Қайтқан адамдардың жаназасына туыстарының шақыруы бойынша Құран мен шариғат тәртібімен қызмет атқару, жұма намазын, ораза және құрбан айт діни мерекелерін өткізу, уағыз айту;

3. Мұсылмандық діни рәсімдерді тек өзі молла болып тағайындалған аудан шекарасы территориясында ғана жүргізуге міндеттеме алу;

4. Мешіт ережесімен, кеңес органдарының нұсқаулықтарына қайшы келетін, бекітілмеген діни рәсімдер мен діни ғұрыптарды атқармауға, мешітте өткізуге тиым салынған басқа да діни ғұрыптарды атқармау;

5. Мешітке дінге сенушілердің түсірген қаржысын растайтын түбіртектер бекітілген формада қаржы тапсырған адамдардың қолына берілуге тиісті. Жиналған қаржы мешіт кассасына өткізіліп, түбіртек номерімен, тапсырған адамдар фамилиялары тізімімен жазылуға тиісті[43; П. 62].

Егер кімде-кім бұл ереже мен нұсқаулықтарды бұзатын болса, жергілікті атқару комитетінің талап-ұсынысымен, Көкшетау облысы бойынша дін істері Уәкілінің ұсынысымен ондай имамды орнынан кетіре алды. Бірақ, «тәртіп бұзған» молдалар туралы арыз-шағымдар көбіне жергілікті партиялық басқару мен атқарушы билік органдарынан түсіп отырды. Сондай оқиғаның бірі 1978 жылдың 20-шы маусым күні азамат Баянов Р. К. деген азаматты жерлеу кезінде орын алған. Марқұмды соңғы сапарға шығарып салуға 150 адам қатынасқан митингтен кейін, Көкшетау мешітінің арқылы тағайындалған молла Махитов Ильяс зират басында дауыстап құран оқыған, бұндай жағдай бірінші емес, бұрындары да орын алып келген. Молла Махитов Ильясқа КСРО Министрлері Кеңесі жанында КСРО дін істері комитететінің нұсқаулықтарындағы ережелерді, бірнеше рет жасалған ескертпелерге қарамастан бұзған себепті, зират басында санитарлық номаны сақтау жөнінде халық арасында жұмыс жүргізбегені үшін оны тіркеуден шығарып, моллалық қызметін тоқтатуға Қызылту ауданының атқару комитетінің төрағасы Мұхамеджановтың Көкшетау облысы бойынша дін істері Уәкілі Маркевич Н.И. атына жазылған ресми хаты сақталған. Машинкаға теріліп, арнайы бланкаға жазылған хаттың бас жағына Маркеевич қаламмен нұсқауды бұзғаны үшін төраға Мұхамеджановпен моллаға әзірге 50 сом көлемінде айып салып, енді бұзатын болса, тіркеуден алып тастау жөнінде ақылдасу керек деп жазған. Алайда, Махитов И. молла қазақ арасындағы қалыптасқан дәстүр бойынша зират басында құран оқуын жалғастыруды өзіне парыз санап, зират басында құран оқи берген. Ал жергілікті билік органдары бұл жағдайды жалпы ереже бойынша тыйюға мәжбүр болғандықтан, молла Махитов И. моллалықтан шеттетіліп, тіркеуден шығарылған [44; П.49]. Атеистік саясатқа сәйкес адам көп жиылған жерде құран оқу ол дінді ашықтан-ашық уағыздауға теңестірілді. Сондықтан, діни рәсімдерді тұрақты намазхан-жамағат жиналатын шағын, жабық ғимарат-намаз үйлері мен мешіттерде ғана жүргізе алды. Ал зират басына жиналған әртүрлі жас шамасындағы адамдар алдында құран оқу нұсқаулық ережесі бойынша діни насихат деп саналды.

Ол заманда кеңес билігі қанша халықтың діни наным-сенімдерін тұқыртса да, ел-жұрт түгелдей дін дәстүрлерінен жаңыла қойған жоқ. Моллалардың басым көпшілігі атылып, жер аударылып кеткеннің өзінде де солардың алдын көрген әжептәуір діни сауаты бар адамдар, кәнігі намазхандар әлі де баршылық еді. Мысалы олардың қатарында Айыртау ауданы бойынша Көкшетау мешітінен имам болып тағайындалған Закарьянов Еслям ел арасында Құранды жатқа білгені үшін Еслям-қари атанған молла

мен Уәлихан ауданы бойынша моллалық атқарған Махитов Ильяс кезінде мешіт жанындағы мұсылман мектебінен білім алған моллалар қатарынан болатын.

Сәдуақас Ғылмани, Момақан Әлиев сияқты мұсылманшылық білімі жоғары адамдар жаугершіл атеизм бесеңдеген кезде, елге оралу бақытына ие болғандары азшылық болатын. Ал олардың халық арасындағы беделі мен абыройы өте жоғары еді. Оның ең басты себебі бұл имамдардың иманы берік, өте такуа адамдар екендігін жұрт алдында талай дәлелдеп шыққан тамаша – тұлғалар болатын. Дегенмен, осы намазхандар қатарының қатты сиреуіне бірден – бір себеп, ол 30-50 жас аралығындағы төңкеріске дейін молда алдын көрген барлық ер адамдардың әскерге алынып кеткендігі, оның алдындағы дін өкілдерін бірінші кезекте қуғын-сүргінге ұшыратқан «жаугершіл атеизм» саясатының кесірі еді.

Қорытынды

Қазақ қоғамын мәдени жағынан кеңестік модернизациялау түбірімен діни ғұрып-рәсімдерін халықтың өмірінен ығыстырып жібере алмады. 1924-1941 жылдар аралығында жүрген «жаугершіл атеизм» саясаты қысқа тарихи уақыт ішінде солтүстік өңірдегі мұсылман дін институттарын бүтіндей жойып жіберуге қол жеткізгенімен, жоғарыдан енгізілген кеңестік-атеистік әдет-ғұрыптар, қазақ халқының салт-дәстүрімен әлденеше ғасыр үйлесіп, бірге жасасып келе жатқан діни салт-дәстүрдің орнын өзгертпеді. Діни дәстүр мәдениеті біршама құлдырауға ұшарағынымен, қазақ халқының өкілдері кеңестік жүйе кезінде негізгі мұсылмандарға тән діни ғұрыптарды атқара берді. Олар азан шақырып, нәрестеге ат қою, тірісінде коммунист саналған адамдардың ақтық сапарға мұсылман ғұрпымен жерленуі. Көкшетау, Ақмола, Қызылжар сияқты қалаларда мешіт пен ғибадат орындары 1943 жылдан кейін қайта ашылып, тұрақты негізде қызмет жасады. Діни рәсімдерді, салт-дәстүрлерді атқаруға шектеулер сақталғанымен, ауылдық жерлерде, қалаларда болсын мұсылман қауымы қазақ халқының барлық әлеуметтік топтарына өз ықпалын сақтап қалды. Кеңестік билік пен партиялық басқарушы органдар діни қауымдардың мүдделерімен санасуға мәжбүр болып, оған жаппай тиым салу саясатынан оларды бақылау, есепке алып тіркеу саясатымен шектелді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Жалмағамбетов Е.А. Күнделікті өмір тарихының методологиясы мен оның зерттеу әдісі / Е.А. Жалмағамбетов Е.А. // Тарих тағылымы. - 2014. - №2(2). - Б. 63-67.

[2] Муминов Ә.Қ, Утепбергенова Ұ. А. Сәдуақас Ғылмани тарихшы ретінде / Ә.Қ. Муминов, Ұ.А. Утепбергенова // Отан тарихы. - 2023. - № 26. - Б. 16-27.

[3] Абуев К. Науан Хазірет. - Астана, 2011. - 234 б.

[4] Батырханов Ғ.К. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты (XIX ғ. екінші жартысы – XX-ғ.басы): дис. ... канд. ист. наук: Алматы, 1997. - 185 б.

[5] Сәдуақасова Т. Религиозная экспансия царизма в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 162 с.

[6] Эгамбердиев М.Ш. Ресей империясының Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 196 б.

[7] Мәшімбаев С.М., Мәшімбаева Г.С. Патшалық Ресей және Кеңес империяларының Қазақстанды рухани отарлау саясатының зардаптары (XIX ғасырдың 70–80 жылдары – XX ғасырдың басы). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 268 б.

[8] Лысенко Ю.А. Миссионерская деятельность Русской православной церкви в Казахстане. – Барнаул: Алтайского университета, 2010. -195 с.

[9] Шаповал Ю. Борьба Советской власти с мусульманским духовенством в северном Казахстане в 20-30-е годы XX века: от статуса «лишенцев» до участников «контрреволюционных организаций [Электронный ресурс] /Шаповал Ю/. Борьба Советской власти с мусульманским духовенством в северном Казахстане в 20-30-е годы XX века: от статуса «лишенцев» до участников «контрреволюционных организаций. - Режим доступа: https://doi.org/10.48010/2022.1/1999-5911.12. pdf

[10] Бақберген Б. Қызыл-Оба мовзелейі ЮНЕСКО тізіміне енуі мүмкін / Б. Бақберген // Қызыл-Оба мовзелейі ЮНЕСКО тізіміне енуі мүмкін. Егемен Қазақстан. - 2022. - 20 тамыз.

[11] Буканова Р.Г., Игдавлетов И,С. Башкирия и исламский фактор в юго-восточной политике России в XVII первой половине – XIX века / Р.Г. Буканова, И.С.Игдавлетов. – Уфа: Башк. Энцикл., 2021. - 184 с.

[12] 12.Исхаков Д.М. Институт сеидов в Улусе Джучи и позднезолотоордынских тюрко-татарских государствах. – Казань: Фэн, АН РТ, 2011. – 228 с.

[13] Абдиров М. Кучум хан: Известный и неизвестный. – Алматы: Жалын, 1996. – 180 с.

[14] Абуев К.К. Сибирское ханство в контексте казахско-русских отношений: Монография / К.К.Абуев. – Көкшетау: Әрекет, 2016. – С. 200.

[15] Уәлиханов Ш. Сахарадағы мұсылмандық туралы. Таңдамалы шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1985. – 558 б.

[16] СҚ ОМА (Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві). – Қ. 8. – Тізбе 1. – Іс 143. П. 4-6.

[17] СҚ ОМА – Қ.8. Тізбе 1. Іс 143. П. 48-49.

[18] СҚ ОМА – Қ. 8. Тізбе 1. Іс 143. П. 50-52.

[19] Бухонова И. Н Преодолевая религиозное влияние ислама (сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Казахстан, 1990. – 254 с.

[20] Мустафина Р. Ислам в Казахстане в советский период / Р. Мустафина. // Отан Тарихы (Отечественная История). – 2003. – № 4. – С. 48-57.

[21] ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық архиві). – Қ.359. – Тізбе 1. – Іс 10. – П.1.

[22] ҚР ОМА – Қ. 1648. – Тізбе 1. – Іс 12. – П. 5-16.

[23] ҚР ОМА – Қ. 708. – Тізбе 1. – Іс 591. – П.93.

[24] АОМА (Ақмола облыстық мемлекеттік архиві). – Қ. 1378. – Тізбе 2. – Іс 180. – П.1.

[25] Біржан - сал ауданы мемлекеттік архиві. – Қ.14. – Тізбе 1. – Іс 18. – П.12.

[26] ҚР ОМА. – Қ.1711. – Тізбе 7. – Іс.7. – П. 40.

[27] АОМА – Қ. 1378. – Тізбе 2 т. – Іс 180.

[28] Қамзабекұлы Д. Садуақас Ғылмани мұрасы: Көкейкестілігі және жүйелену негізі / Д. Қамзабекұлы. // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2012. – №1 (86).

[29] Бекболат А., Қайрбеков Е.Н. Көкшетаулық дін қайраткері Момақан Әлиевтің дін қосалқы тұлғалығы (Hybrid Identitiy) / А. Бекболат, Е.Н. Қайрбеков. // Адам әлемі. – 2022. – № 1 (91). – Б. 159-169.

[30] ҚР ОМА – Қ. 1711. – Тізбе 1. – Іс 19. – П.39.

[31] ҚР ОМА – Қ.708. – Тізбе 1. – Іс 591. – П.25.

[32] ҚР ОМА. – Қ.1711. – Тізбе 1. – Іс 8. – П.30.

[33] РФМА (Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві). – Қ.6991. – Тізбе 6. – Іс 837. – П. 29.

[34] РФМА – Қ.6991. – Тізбе 6. – Іс 837. – П.33.

[35] ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық архиві). – Қ. 1711. – Тізбе 1. – Іс 19. – П.47.

[36] АОМА – Қ.730/1451. –Тізбе 1, –Іс 5. – П.15.

[37] ҚР ОМА –Қ. 1711. – Тізбе 1. – Іс 19. – П.44.

[38] Совет по делам религий при Совете министров СССР. Атеистический словарь. / Под ред. М.П. Новикова. – МС.: Политиздат, 1985. – 414 с.

[39] АОМА – Қ.730/1451. – Тізбе 1. – Іс 5. – П.19.

[40] АОМА – Қ.730/1451. – Тізбе 1. – Іс 5. – П.18.

[41] АОМА – Қ.730/1451. – Тізбе 1. – Іс 5. – П.2,3.

[42] АОМА – Қ.730/1451. – Тізбе 1. – Іс 5. – П.44.

[43] АОМА – Қ.730/1451. – Тізбе 1. – Іс 5. – П.62.

[44] АОМА – Қ.730/1451. – Тізбе 1. – Іс 5. – П.49.

REFERENCES

[1] Zhalmaғambetov E.A. (2014). Kүndelikti өmir tarikhynyң metodologiiasy men onyң zertteu әdisi [Methodology of the history of everyday life and its research method]. Tarikh taғylymy [in Kazakh].

[2] Muminov Ә.Қ, Utepbergenova Ұ. A. (2023). Cәduaқas Ғylmani tarikhshy retinde [Sadvakas Gilmani as historian]. Otan tarikhy [in Kazakh].

[3] Abuev K. (2011). Nauan Khaziret [Nawan Haziret]. Astana [in Kazakh].

[4] Batyrkhanov Ғ.K. (1997). Patshalyқ Peceidің Қazaқstanda zhүrgizgen miccioneplik caiacaty (XIX ғ.ekinshi zhartycy – XX-ғ.bacy) [Missionary policy of Tsarist Russia in Kazakhstan (second half of the XIX – early XX centuries)]. Almaty [in Kazakh].

[5] Cәduaқacova T. (2007) Peligioznaia ekcpanciia tsapizma v Kazakhctane (vtopaia polovina XIX – nachalo XX vekov) [Religious expansion of tsarism in Kazakhstan (second half of the 19th – early 20th centuries)]. Almaty: Қazaқ universiteti 2007 [in Russian].

[6] Egambepdiev M.Sh. (2015). Pecei imperiiacynyң Қazaқstandaғy oryctandyru caiacaty (XIX ғacyrdyң ekinshi zhartycy – XX ғacyrdyң bacy) [The Russian Empire's policy of Russian settlement in Kazakhstan (second half of the 19th century - beginning of the 20th century)]. Almaty: Қazaқ universiteti [in Kazakh].

[7] Məshimbaev C.M., Məshimbaeva G.S. (2013) «Patshalyқ Pecei zhәne Keңes impepiialapynyң Қazaқstandy rukhani otaplau caiacatynyң zardaptary (XIX ғacypdyң 70-80 zhyldary – XX ғacyrdyң bacy) [The policy of the Russian and Soviet empires to colonize Kazakhstan (1970s–1980s – early 20th century)]. Almaty: Қazaқ universiteti [in Kazakh].

[8] Lycenko Iu.A. (2010). Miccionerckaia deiatelnoct Rucckoi pravoclavnoi tserkvi v Kazakhctane [The missionary activity of the Russian Orthodox Church in Kazakhstan]. Barnaul [in Russian].

[9] Shapoval Iu. Borba Sovetskoi vlasti s musulmanskim dukhovenstvom v severnom Kazakhstane v 20-30 – e gody XX veka: ot statusa «lishentsev» do uchastnikov «kontrrevoliutsionnykh organizatsii [The struggle of the Soviet government against the Muslim clergy in northern Kazakhstan in the 20 – 30s of the twentieth century: from the status

of "deprived" to participants in "counterrevolutionary organizations]. [Elektronnyi resurs]. – Rezhim dostupa: https://doi.org/10.48010/2022.1/1999-5911.12 [in Russian].

[10] Bақbergen B. (2022). Қyzyl–Oba movzeleii IuNESKO tizimine enui mүmkin [Kyzyl-Oba movzelei may be included in the UNESCO list]. Egemen Қazaқstan [in Kazakh].

[11] Bukanova R.G., Igdavletov I.S. (2021). Bashkiriia i islamskii faktor v iugo – vostochnoi politike Rossii v pervoi polovine XVII – XX veka [Bashkiria and the Islamic factor in the Southeastern Politics of Russia in the 17th – first half of the 19th century]. Ufa [in Russian].

[12] Iskhakov D. M. (2021). Institut seiidov v Uluse Dzhuchi i pozdne zolotoordynskikh tiurko-tatarskikh gosudarstvakh [Seyid Institute in Jochi Ulus and the Late Golden Horde Turkic-Tatar States]. Kazan [in Russian].

[13] Abdirov M. (1996). Kuchum khan: Izvestnyi i neizvestnyi [Kuchum Khan: Famous and Unknown]. Almaty [in Russian].

[14] Abuev K.K. (2016). Sibirskoe khanstvo v kontekste kazakhsko – russkikh otnoshenii [The Siberian Khanate in the context of Kazakh-Russian relations]. Kөkshetau [in Russian].

[15] Sh. Uәlikhanov (1985). Sakharadaғy mұsylmandyқ turaly [About muslimism in the Sahara]. Almaty [in Kazakh].

[16] NKRSA (North Kazakhstan regional state archive). – F.8. – Op.1. – D.143. –L.4-6.

[17] NKRSA – F..8. – Op.1. – D.143. – L.48-49.

[18] NKRSA – F. 8. – Op.1. – D.143. – L.50-52.

[19] Bukhonova I.N. (1990). Preodolevaia religioznoe vliianie islama (sbornik dokumentov i materialov) [Overcoming the religious influence of Islam (collection of documents and materials)]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].

[20] Mustafina R. (2003). Islam v Kazakhstane v sovetskii period [Islam in Kazakhstan during the Soviet period]. Otan Tarikhy (Otechestvennaia Istoriia) [in Russian].

[21] CSA RK (Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). – F. 359. – Op.1. – D.10. – L.1.

[22] CSA RK – F. 1648. – Op.1. – D.12. – L.15-16.

[23] CSA RK – F. 708. – Op.1. – D.591. – L.93.

[24] ARSA (Akmola Regional State Archive). – F. 1378. – Op.2. – D.180. – L.1.

[25] Біржан-сал ауданы мемлекеттік сәулет өнері. – F. 14. – Op.1. – D.18. – L.12.

[26] CSA RK – F. 1711. – Op.7. – D.7. – L.40.

[27] AOMA – F. 1378. – Op.2. – D.180.

[28] Қamzabekұly D. (2012). Saduaқas Ғylmani mұrasy: Kөkeikestiligi zhәne zhүielenu negizi [The legacy of saduakas Gilmani: relevance and basis of systematization]. Gumilev atyndaғy EҰU Khabarshysy [in Kazakh].

[29] Bekbolat A., Қairbekov E.N. (2022). Kөkshetaulyқ din қairatkeri Momaқan Әlievtiң din қosalқy tұlғalyғy (Hybrid Identitiy) [Religious affiliation of Kokshetau religious figure Momakan Aliyev (Hybrid Identitiy)]. Adam әlemi [in Kazakh].

[30] CSA RK – F. 1711. – Op.1. – D.19. – L.39.

[31] CSA RK – F. 708. – Op.1. – D.591. – L.25.

[32] CSA RK – F. 1711. – Op.1. – D.8. – L.30.

[33] SARF (State archive of the Russian Federation). – F. 6991. – Op.6. –D.837. –L. 29.

[34] SARF – F. 6991. – Op 6. – D. 837. – L. 33.

[35] CSA RK – F. 1711. – Op.1. – D.19. – L.47.
[36] ARSA – F. 730/1451. – Op.1. – D.5. – L.15.
[37] CSA RK – F. 1711. – Op.1. – D.19. – L.44.
[38] Novikova M.P. (1985). Sovet po delam religii pri Sovete ministrov SSSR [Council on Religious Affairs under the Council of Ministers of the USSR]. Ateisticheskii slovar. MS.:Politizdat [in Russian].
[39] ARSA – F. 730/1451. – Op.1. – D.5. – L.19.
[40] ARSA – F. 730/1451. – Op.1. – D.5. – L.18.
[41] ARSA – F. 730/1451. – Op.1. – D.5. – L.2,3.
[42] ARSA – F. 730/1451. – Op.1. – D.5. – L.44.
[43] ARSA – F. 730/1451. – Op.1. – D.5. – L.62.
[44] ARSA – F. 730/1451. – Op.1. – D.5. – L.49.

Е.А. Абиль, Г.М. Тулепбергенов, К.С. Ускембаев

РОЛЬ ИСЛАМСКОЙ РЕЛИГИИ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КАЗАХОВ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА В 20-80-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Аннотация. В статье рассматривается роль исламской религии в повседневной жизни казахов северного региона Казахстана. Исследование основывается на исторических данных, полученных из зарубежных (российских) и казахстанских центральных и местных архивных фондов. Изучение роли феномена религии в исторической ретроспективе среди казахов северного региона позволили нам оценить и определить предпосылки перемен, произошедших в повседневной жизни простых людей в 20-80-е годы XX века.

Авторы используя метод нарративного исследования, в рамках темы исследования, сделали попытку описания сущностных явлений определенной исторической эпохи на примере религиозной жизни северных казахов. В ходе использования историко-генетического метода нам удалось выяснить особенности использования религиозных обычаев и ритуалов в повседневной жизни северных казахов в определенный период исторического времени.

Цель статьи: Изучить роль исламской религии в повседневной жизни северных казахов в условиях политики «воинствующего атеизма» в 20-40 гг. XX века, направленную на разрушение обычаев и традиций связанных с религией ислам. А также в последующий период идеологической борьбы религиозными прежитками в повседневной жизни простых людей в 40-80 – егоды XX века. Показать что, несмотря на навязывание властями сверху советских атеистических ценностей, исламскую религию и, связанные с нею традиции и обычаи, простые люди продолжали считать своим национальным обычаем, понимали ее как одну из важных особенностей культуры, национальной идентичности и продолжали применять ее в повседневной жизни.

Ключевые слова: повседневная жизнь, репрессия, имам, медресе, «бродячие муллы», религиозная политика в СССР, религиозные обычаи, «воинствующий атеизм», борьба с религиозными предрассудками, указ.

Y.A. Abil, G.M. Tolepbergenov, K.S. Uskembayev

THE ROLE OF THE ISLAMIC RELIGION IN THE EVERYDAY LIFE OF KAZAKHS IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE 20S-80S OF THE XX CENTURY

Annotation. The article examines the role of the Islamic religion in the daily life of Kazakhs in the northern region of Kazakhstan. The research is based on historical data obtained from foreign (Russian) and Kazakh central and local archival funds. Studying the role of the phenomenon of religion in historical retrospect among the Kazakhs of the northern region allowed us to assess and identify the prerequisites for the changes that occurred in the daily lives of ordinary people in the 20-80s of the twentieth century.

The authors, using the method of narrative research, within the framework of the research topic, made an attempt to describe the essential phenomena of a certain historical epoch using the example of the religious life of the northern Kazakhs. In the course of using the historical and genetic method, we were able to find out the peculiarities of the use of religious customs and rituals in the daily life of the northern Kazakhs in a certain period of historical time.

The purpose of the article is to study the role of the Islamic religion in the daily life of northern Kazakhs in the context of the policy of "militant atheism" in the 20s and 40s. twentieth century, aimed at destroying the customs and traditions associated with the religion of Islam. And also in the subsequent period of ideological struggle against religious practices in the daily lives of ordinary people in the 40-80– ies of the twentieth century. To show that, despite the imposition of Soviet atheistic values by the authorities from above, the Islamic religion and the traditions and customs associated with it continued to be considered by ordinary people as their national custom, understood it as one of the important features of culture and national identity and continued to apply it in everyday life.

Keywords: daily life, repression, imam, madrasah, "wandering mullahs", religious policy in the USSR, religious customs, "militant atheism", struggle against religious prejudice, decree.